



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы

Астана қ.

2026 жылғы 6 наурыз

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 18,0% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім болжам раундының нәтижесіне, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің жаңартылған бағалауы мен инфляция тәуекелдерінің теңгеріміне сүйене отырып қабылданды.

Жылдық инфляция 2026 жылғы ақпанда болжамдарға сай келіп, 11,7%-ға дейін төмендеді (қаңтарда – 12,2%). Инфляцияның барлық компоненті қарқынның төмендеп келе жатқанын көрсетіп отыр. Азық-түлік тауарлары бойынша бағаның өсуі 12,7% (12,9%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша – 11,6% (11,7%), ақылы қызметтер бойынша – 10,8% (12%) болды.

Дезинфляцияға ұстамды қатаң ақша-кредит шарттары, теңге бағамының нығаюы, кепілсіз тұтынушылық кредиттеудің баяулауы, ЕТРТ-ні кезең-кезеңімен арттыру және теңестіру операциялары арқылы артық өтімділікті қысқарту, сондай-ақ Үкімет пен Ұлттық Банктің инфляцияға қарсы бірлескен кешенді шараларын іске асыру ықпал етеді. Сонымен қатар инфляцияның төмендеуіне ТКҚ және ЖЖМ бағасын көтеруге қойылған мораторий де үлес қосады. ҚҚС мөлшерлемесін арттырудың инфляция динамикасына әсері шектеулі ретінде бағаланады.

Дегенмен, айлық инфляция 2026 жылғы ақпанда жеделдеп, 1,1%-ды құрады. Базалық инфляция ақпанда 0,8% болды.

Халықтың алдағы бір жылға **инфляциялық күтулері** төмендеді (ақпанда – 13,7%), бірақ жоғары әрі құбылмалы. Нарыққа кәсіби қатысушылардың 2026 жылға инфляция бойынша ақпандағы күтулері 10,0%-ға дейін төмендеді (қаңтарда – 10,8%).

Азық-түліктің әлемдік бағасы баяулап келеді. Сүт өнімдері мен қант бағасының төмендеуі сақталып отыр. Дәнді дақылдар мен өсімдік майының әлемдік бағасы өскені байқалды.

Ресей Федерациясында инфляция әлі де жоғары, таргетке жету 2027 жылы күтіледі. ЕО-да бағаның өсуі тұрақты түрде төмен болып қалып отыр. АҚШ-та инфляция ФРЖ-ның сараланған саясаты жағдайында нысанаға жақындап келеді.

Базалық сценарий аясында бірінші жартыжылдықта **Brent маркалы мұнайдың бағасы** Таяу Шығыстағы қақтығыстың өршуіне байланысты сақталып отырған жоғары бағалар аясында **бұрынғы алғышарттардан уақытша жоғары** болатыны болжанады. Бұдан кейін әлемдегі сұраныс пен ұсыныс теңгерімінің нәтижесінде мұнай бағасы 1 баррель үшін 60 АҚШ долларына жуық деңгейге дейін біртіндеп төмендейді деп болжанады. Болжамға сәйкес, 2026 жылы баға орта есеппен 1 баррель үшін 66,3 АҚШ долларын құрап, кейінгі жылдары 60 АҚШ доллары деңгейінде тұрақталады.

Неғұрлым жоғары мұнай бағасын ескере отырып, 2026 жылға инфляцияның болжамы нақтыланды. Бағалардың өсуі **9,5-11,5** шегінде бағаланады. Дегенмен, Ұлттық Банк Үкіметпен бірлескен іс-қимылдарды іске асыру, болжамды фискалдық және квазифискалдық саясатты қамтамасыз ету, ТКҚ мен ЖЖМ-ның инфляцияның өсуіне қосатын үлесін төмендету арқасында

бағаның өсуі бір мәнді деңгейге жетеді деп күтеді. **2027 жылдың** қорытындысы бойынша инфляцияның **5,5-7,5%**-ға дейін баяулайды деп болжанып отыр. **2028 жылдың** қорытындысы бойынша ол **5%-дық таргетке жақын** қалыптасады.

Проинфляциялық тәуекелдер ҚҚС мөлшерлемесі өзгеруінің бағаларға бірқалыпты әсері аясында біршама төмендеді. Тұрақты тәуекелдер реттелетін бағалардың көтерілуінен болатын ұзақмерзімді қайталама әсерлерді, сондай-ақ жоғары инфляциялық күтулерді қоса алғанда, ішкі факторларға шоғырланады. Сонымен қатар 2027-2028 жылдары жоспарланған бюджеттік шоғырландырудың нақты орындалуына, сондай-ақ квазифискалдық ынталандырудың ауқымы мен параметрлеріне назар аудару қажет. Факттің Ұлттық қордан түсетін трансферттерді төмендету және бюджет тапшылығын қысқарту бойынша белгіленген параметрлерден ауытқыған жағдайында, сондай-ақ квазифискалдық ынталандыруларды жеткілікті бақыланбайтын кеңейту кезінде дезинфляциялық әсер әлсіреуі мүмкін.

2026 жылға ЖІӨ-нің өсу болжамы 3,5-4,5% аралығында сақталған. 2025 жылғы жоғары база аясында экономикалық белсенділік 2026 және одан кейінгі жылдары бірқалыпты траекторияда дамиды болады. Фискалдық шоғырланудың және тұтынушылық кредиттеу бәсеңдеуінен ішкі сұраныс азаятын болады.

Ұлттық Банк инфляцияның баяулау қарқынын, ішкі сұраныс динамикасын, фискалдық шоғырландырудың нақты орындалуы және квазифискалдық ынталандыруды іске асыру сапасын бағалауды жалғастырады. Сонымен қатар Үкіметпен бірлесіп, инфляцияны бақылау бойынша шараларды іске асыру тиімділігіне және ТҚК мен ЖЖМ бағасының өзгеруіне мониторинг жүргізіледі. Инфляцияның тұрақты баяулауы және жаңа инфляциялық шоктардың болмауы кезінде 2026 жылдың екінші жартыжылдығында базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігі қаралатын болады. Қазіргі жағдайда ақша-кредит саясатын жеңілдету үшін кеңістік әлі қалыптасқан жоқ.

Қабылданған шешімнің факторлары мен болжамдары туралы барынша толық ақпарат 2026 жылғы 11 наурызда Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында¹ орналастырылатын Ақша-кредит саясаты туралы баяндамада беріледі. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитетінің базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2026 жылғы 24 сәуірде Астана қаласының уақытымен сағат 12:00-де жарияланады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
базалық сценарий бойынша болжамының негізгі параметрлері**

	2026	2027	2028
Болжам шарттары			
Brent маркалы мұнай бағасы, бір жылда орта есеппен бір баррель үшін АҚШ доллары	66,3 (60,0)	60,0 (60,0)	60,0
Болжам			
ЖІӨ-нің өсуі %, ж/ж	3,5-4,5 (3,5-4,5)	4,0-5,0 (4,0-5,0)	3,5-4,5
ТБИ %, алд. жылғы желт. қарағанда желт.	9,5-11,5 (9,5-12,5)	5,5-7,5 (5,5-7,5)	5,0 жақын

¹ <https://www.nationalbank.kz/ru/page/obzor-inflyacii-dkp>

Ағымдағы шот,	(-)3,7	(-)4,5	(-)5,0
ЖІӨ-ге %-бен	(-4,4)	(-4,4)	

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (7172) 775 210

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz